

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

«Жануарлар табиғатқа қалай биімделеді?»

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.08.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/80454/>

Пән	Дүниетану	2 сынып
Сабақтың тақырыбы:	«Жануарлар табиғатқа қалай биімделеді?»	
Жалпы мақсаты:	Жануарлардың табиғатқа қалай бейімделетіндігі туралы үйрету. Жануарлардың табиғаттағы маңызы жайлы ұғынадыру.	
Сілтеме:	1. Әдістемелік құрал 58-60 бет 2-сыныпқа арналған дүниетану оқулығы Авторлары: Қ.Аймағамбетова, Н.А.Ким, Г.Д.Мырзақанова	
Оқушылар үшін оқу нәтижелері:	Оқушылардың топта бір-біріне көмек көрсету, екеуара сұрақ қоюы, есептерді бірігіп шығаруы, ортақ пікірге келуі арқылы.	
Негізгі идеялар	Жануар тіршілігі туралы білім, білік, дағдысын қалыптастыру, түрлі тапсырманы орындауда оқушы белсенділігін арттыру	
Сабақта қолданылатын материалдар:		
Оқыту әдістері:	СТО АКТ БББ	1.Топтық жұмыс 2.Жұптық жұмыс 3.Жеке жұмыс
Дерек көздері	Энциклопедия, Интернет ғаламтор арқылы.	
Тапсырмалар	<p>Сұрақтарға жауап беру.</p> <p>1.Тапсырма: Психологиялық дайындық. Сұрақтар.</p> <p>2 тапсырма: БББ кестесін толтыру.</p> <p>3 тапсырма: «Аукцион» ойыны</p> <p>4 тапсырма: Мәтінмен жұмыс. жұппен жұмыс, топпен жұмыс)</p> <p>5 тапсырма: 5 жолды өлең</p>	

-

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті

-

I. Оқушылар ға психология-лық ахуал туғызу	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті

(3 мин)	Ұйымдастыру Тренинг «Кім қалай дыбыстайды?»	Әр оқушы тренингке белсенді қатысу.	
	Топқа бөлу: смайлингтер арқылы топқа бөлу.	Оқушылар суреттер арқылы бір топ қасқырлар,екінші топ қояндар болып екі топқа бөлінеді. Топ басшысын сайлау.	
II.Үй тапсырмасын сұрау	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
(7 мин)	2.Үй тапсырмасын тексеру. Оқушылардың өткен білімдерін тексеру үшін, тест жұмысы алынады. Жауап парағы арқылы көршіңді тексер.	Оқушылар жұппен бір-бірін жауап парағы арқылы тексеріп, бағалайды.	
III.Жаңа тақырып (20 мин)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
	1. Психологиялық дайындық. Сұрақтар. — Табиғатта қандай өзгерістер болып тұрады? (Күн мен түннің, жыл мезгілдерінің ауысуы,суықтың түсуі, т.б.). — Бұл сабақта біз жануарлардың табиғаттағы өзгерістерге қарай қалай бейімделетіні туралы білеміз.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	
	2 тапсырма: БББ кестесін толтыру.	Оқушылар кестені толтырады.	
	3 тапсырма: «Аукцион» ойыны Мақсаты: Алған теориялық білімді практикада қолдана білу. Топтық жұмыс. «Аукцион» ойыны Мұғалім өтілген тақырып бойынша сынып оқушыларына арнап сұрақтар дайындайды.Жүргізуші аукцион өткізеді: сұрақтар қояды, жауаптарға түсініктеме беріп, бағалайды, жеңімпазды анықтайды. Дұрыс жауап үшін көп смайлик жинаған оқушы жеңімпаз атанады.		
	4 тапсырма: Мақсаты:Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қадағалау. 1.Оқулықпен жұмыс Мәтінді мәнерлеп оқу, мазмұнын түсіну, өз ойларын жеткізу. Мұғалім мәнерлеп оқиды. Идеясын, мазмұнын оқушылармен пікірлесе отырып талдау жүргізіледі.	Оқушылар топ болып тапсырманы орындайды, ойын еркін жеткізеді, тақырыпты түсінеді. Топтағы бір оқушы өз тобына мәтіннің мазмұнын түсіндіреді.	
	Сергіту сәті.	Жаттығу	
IV.Қорытындылау (5 мин)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
	5 тапсырма: 5 жолды өлең	Оқушылар дәптерлеріне тақырыпқа қатысы бар сөздерді жазады.	
V.Үйге тапсырма беру	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
(2мин)	Бейімделу туралы ата-аналарынан сұрап немесе энциклопедияны оқып,қызықты ақпараттар жинап келу.	Үй тапсырмасын білу,түртіп алу.	
VI.Бағалау (5 мин)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	

	<p>Бағдаршам Түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстерін көрнекі құрал ретінде пайдаланыңыз.</p> <p>Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті). <p>Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды.</p>	Өзін-өзі бағалау, топ басшысының бағалауы, бағалау парағына бағаларды түсіріп отырады	
VII, Рефлексия (3 мин)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
	Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу үшін жапырақ тәрізді стикерлер тарату	Оқушылар сабақтан алған әсерлерінің ұнағанын жасыл, ұсыныстарын көк түсті стикерлерге жазады	

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.